

23-САБАҚ РЕНТГЕН КАБИНЕТІНДЕ

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

дем алыңыз
дем алмаңыз
киіміңізді шешіңіз
шашыңызды жинаңыз
алқаңызды шешіңіз
құжатыңызды беріңіз

2. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

экранға қараңыз
экранға жақынырақ тұрыңыз
тереңірек дем алыңыз
деміңізді ұстап тұрыңыз
сол жаққа бұрылыңыз



141

23-САБАҚ

3. Сәйкестендіріңіз.

дем
деміңізді ұстап
сол жаққа
шашыңызды
алқаңызды
экранға
құжатыңызды
дем
киіміңізді

шешіңіз
алмаңыз
беріңіз
қараңыз
шешіңіз
жинаңыз
бұрылыңыз
тұрыңыз
алыңыз

4. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

– Қайырлы күн!
– Қайырлы күн!
– Кіруге бола ма?

– _____ бар ма?

– Иә, бар, міне _____.

– Келесі бөлмеге _____.

– Қазір.

142

23-САБАҚ

5. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- _____ шешіңіз
- _____ жинаңыз
- _____ шешіңіз
- _____ тұрыңыз
- _____ көтеріңіз



6. Сұқбатты оқыңыз.



- Киіміңізді шешіңіз.
- Экранға тұрыңыз.
- Иегіңізді жоғары көтеріңіз.

– Терең дем алыңыз;
Дем алмаңыз. Болды.

– Нәтижесі түстен кейін сағат
16.00-де дайын болады.

– Жақсы.

– Нәтижесі қашан
дайын болады?



143

23-САБАҚ

7. Сұқбат бойынша сәйкестендіріңіз.



киіміңізді
экранға
терең
дем
иегіңізді

жақынырақ тұрыңыз
дем алыңыз
көтеріңіз
шешіңіз
алыңыз

144